

Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 мамырдағы N 778 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 қарашадағы № 1146 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.11 № 1146 Қаулысымен.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және дамыту тұжырымдамасы мақұлданысын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2009 - 2014 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Жоспардың орындалуын үйлестіруді қамтамасыз етсін.

4. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және жыл сайын, 15 қаңтарға және 15 шілдеге Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне оның орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

5. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жыл сайын, 25 қаңтарға және 25 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.Н. Ахметовке жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 6

м а м ы р д а ғ ы

N

7 7 8

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту тұжырымдамасы Кіріспе

Осы Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның 2009 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері жөніндегі кеңесте (2009 жылғы 31 наурыздағы N 61-7.97 хаттамасы, 2.1-тармақ) берген тапсырмасын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 маусымдағы N 553 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленді.

1996 жылы тұрғын үй-коммуналдық салада тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі - ТКШ) саласындағы бәсекелі ортаны жасауды, коммуналдық кәсіпорындар қызметтерінің олардың шығынын жабатын деңгейге дейінгі тарифтерге кезең-кезеңімен көшуді, секторды монополиясыздандыруды және тұрғын үй қорын жаппай жекешелендіруді қамтамасыз еткен жүйелі реформалар басталды. Бұдан басқа, табиғи монополист кәсіпорындардың қызметтеріне арналған тарифтерді мемлекеттік реттеу және табысы аз отбасыларына (азаматтарға) жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен тұрғын үй көмегін көрсету түрінде әлеуметтік қорғау шаралары енгізілді.

Мұның барлығы ТКШ-ға дотация беру қағидатынан бас тартуға және тұрғын үй қатынастарының сапалы жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік берді.

Өткен жылдардың қорытындылары бойынша жалпы алғанда, ТКШ реформасы жүргізілді, осыған дейін алға қойылған міндеттер орындалды деп қорытынды шығаруға болады.

Сонымен қатар, бүгінгі күні коммуналдық қызметтер нарығын дамыту үшін жағдайлар жасау, коммуналдық сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (бұдан әрі - МЖӘ) тетіктерін қолдану, салаға жеке меншік инвестицияларды ынталандыру, ресурс үнемдейтін технологияларды пайдаланудың тиімді жүйесін құру, тариф түзудің шығынды жүйесінен ынталандырушы жүйеге өту мәселелері тұр.

Тұжырымдама саладағы бірыңғай мемлекеттік саясатты және оны іске асыру тетіктерін қалыптастырудың негізгі бағыттарын айқындайды.

Осы Тұжырымдаманың мақсаты үшін ТКШ коммуналдық және тұрғын үй секторларының жиынтығы ретінде қаралады.

Коммуналдық сектор сумен, газбен, жылумен, электрмен жабдықтауды және су бұруды, елді мекендердің жалпы пайдаланылатын объектілері мен аумақтарын, сондай-ақ арнайы мақсаттағы объектілері мен аумақтарды абаттандыруды және

ұстауды қамтамасыз ететін жүйелерді қамтиды.

Тұрғын үй секторына "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңымен реттелетін тұрғын үй объектілері жатады.

1. ТКШ-ның қазіргі жай-күйін талдау Коммуналдық сектордың жекелеген құрамдауыштарын талдау

2007 жылы 101,9 млрд. теңге сомасына коммуналдық қызметтер көрсетілді (осында және бұдан кейін Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері).

Тұтынушы шығыстары бір үй шаруашылығына 142 мың теңгені құрады, оның 10 %-ы немесе 14 мың теңгесі - коммуналдық қызметтерге. Бұл халықтың шығыстары бабының тамаққа және киімдерге жұмсалғаннан кейінгі барынша көп шығыстар.

ТКШ саласында шамамен 200 мың адам жұмыспен қамтылған, бұл өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 18,3 %-ды құрайды.

Жылумен жабдықтау.

Жылу желілерінің жалпы ұзындығы 10,7 мың км құрайды, оның ішінде 18,7 % -ы ауыстыруды қажет етеді.

2007 жылы Қазақстан Республикасының кәсіпорындары 61,3 млн. Гкал жылу энергиясын, оның ішінде халыққа - 20 млн. Гкал босатты.

2007 жылы халыққа босатылған жылу энергиясынан түскен табыс 33 млрд. теңгені немесе жалпы республикалық табыстың 40,8 %-ын құрады.

Сумен жабдықтау.

Елде 998 су құбыры және 416 жеке су құбыры желілері бар 412 кәсіпорын жұмыс істейді.

Елдегі су ағызғыштардың жалпы ұзындығы 24,0 мың км құрайды, оның ішінде:

көше су құбыры желілері - 14,9 мың км, оның 47,7 %-ы ауыстыруды қажет етеді;

кварталішілігі және аулаішілігі - 5,0 мың км.

2007 жылы сумен жабдықтау кәсіпорындары тұтынушыларға 948,5 млн. текше м су, оның ішінде халыққа - 385 млн. текше м су жіберді. Босатылған сулардан түскен кіріс 18,8 млрд. теңгені, оның ішінде халықтан түскен табыс - 7,3 млрд. теңгені құрады.

Су бұру.

201 елді мекенде кәріздік желілер бар, олардың 101 ауылдық елді мекендерде. 434 кәріздік құрылыстар және 296 жеке кәріздік желілер жұмыс істейді. Бас

коллекторлар мен көше кәріздері желілерінің ұзындығы 10,5 мың км құрайды. Олардың 2,2 мың км құбыр ауыстыруды қажет етеді.

Тазарту құрылыстар арқылы талдау жасалып отырған жылы 555,4 млн. текше м ағынды су немесе кәріздік ағынды сулардың жалпы өткізілуінен 85,9 % ө т к і з і л д і .

Г а з б е н ж а б д ы қ т а у .

Барлығы 514 елді мекен, оның ішінде 466 - табиғи газбен газдандырылды. Желіге берілген табиғи газдың көлемі 7614,5 млн. текше м, олардан халық ү ш і н - 2 0 , 6 % құрады .

Босатылған сұйытылған газдың көлемі 2007 жылы 18 мың тоннаны, олардан халық үшін - 14,9 мың тоннаны немесе 82,5 % құрады.

Газ бөлуші кәсіпорындардың табиғи газды сатудан түскен кірістері 31.3 млрд. теңгені, сұйытылған газдан - 1,4 млрд. теңгені, оның ішінде халықтан - тиісінше 3 6 , 9 және 8 4 , 7 % құрады .

Тұтынушылар табиғи газ үшін 29,4 млрд. теңге, сұйытылған газ үшін 1,3 млрд. теңге, оның ішінде халық тиісінше 37,4 және 87,4 % төледі.

Кәріздер және қалдықтарды жою.

Кәріздер және қалдықтарды жою жөніндегі қызметтердің көлемі 19.4 млрд. теңгені немесе қызметтердің жалпы көлемінен 1,1 %-ды құрады. Жеке меншік нысанының үлесіне қызметтердің жалпы көлемінен 74,1 %, мемлекеттік кәсіпорындар үлесіне - 25,8 % келеді.

Облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің деректері бойынша коммуналдық сектордың ағымдағы жай-күйі мынадай көрсеткіштермен с и п а т т а л а д ы :

желілер бойынша тозу деңгейі орта есеппен 65 % - дан (жылу желілері) 73 %-ға (электр желілері) дейін, құрылыстар бойынша 58 %-дан (су құбырының сорғы станциялары) 74,2 %-ға (кәрізді тазарту құрылыстары) дейін құрайды;

желілерде жылу энергияларын жоғалту 35 %, су — 32 %, тұтынушыға жеткізу кезіндегі электр энергиясы - 17 %, табиғи газда оны бөлу кезінде - 1,9 %-д ы құ р а й д ы ;

сұйытылған газды қоса алғанда, тұрғын үйлердің газбен жабдықтау жүйелерімен қамтамасыз етілуі 87 %-ды, орталық сумен жабдықтау - 55 %-ды, кәріз - 45 %-ды, орталық жылыту - 39 %-ды, ыстық сумен жабдықтау - 34 %-ды құрайды.

Тұрғын үй секторының жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2009 жылдың 1 қаңтарында тұрғын үйлердің жалпы көлемі 260,6 млн. ш.м құрайды,

о н ы ң

і ш і н д е :

көп пәтерлі тұрғын үйлерде 157,0 млн. ш.м немесе жалпы көлемнің 60,2 %-ын құрайды ;

қалалық жер - 150,5 млн. ш.м немесе 57,7 %;

жеке меншік нысаны - 253 691,9 млн. ш.м немесе 97,4 %;

күрделі жөндеуді талап ететіні - 50,0 млн. ш.м немесе 31,8 %.

Барлық тұрғын үйлер 1 780 803 бірлік, олардың 582 250 бірлігі қалада, 1 198 553 бірлігі ауылда .

Облыстық әкімдіктердің және Астана мен Алматы қалалары әкімдіктерінің деректері бойынша бұзуға жататын авариялық тұрғын үй 3,8 млн. ш.м (2,5 %) құрайды, оның ішінде: иесіз (тастап кеткен) үйлер - 1,6 млн. ш.м, азаматтарды көшіруді талап ететін - 2,2 млн. ш. м.

Ескі және авариялық тұрғын үйлерді ұстау, жөндеу немесе бұзу жөніндегі іс-шараларды қамтитын өңірлік бағдарламалар жергілікті бюджеттерде үйлерді бұзуға және оларды кәдеге жаратуға қаражаттың жетіспеуіне, сондай-ақ авариялық үйлерден азаматтарды көшіру үшін тұрғын үйдің болмауына байланысты тиімсіз болып шықты.

Бұдан басқа, тұрғын үйлер олардан тұрғындарды көшіргеннен кейін сол азаматтардың меншігінде қалады. Тұрғын үйге меншік мәселесін заңды түрде шешпейінше, жергілікті атқарушы органның оны бұзуға құқығы жоқ.

Облыстық әкімдіктердің және Астана мен Алматы қалалары әкімдіктерінің деректері бойынша 2009 жылғы 1 қаңтарда тұрғын үй қорындағы 3 100-ден астам лифт жөндеуді (1 600 бірліктен астамы ауыстыруды, 1 500 бірліктен астамы күрделі жөндеуді) қажет етеді.

Кондоминиум объектілеріндегі лифт шаруашылығын жөндеуге жұмсалатын болжамды шығындар 10,8 млрд. теңгені құрайды.

Нормативтік құқықтық базаны талдау

ТКШ саласындағы нормативтік құқықтық базаны талдау мынаны көрсетеді: қандай да бір мемлекеттік органның тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға құзыретінің жоқтығынан нарыққа тартылған коммуналдық сектор ұйымдары, мемлекеттік органдар мен коммуналдық қызметтерді тұтынушылар арасындағы құқықтық қатынастар реттелмеген не басқа салалық заңнама шеңберінде ішінара реттелген;

ТКШ саласындағы мынадай негізгі терминдер мен түсініктердің айқындамасы жоқ: тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, коммуналдық қызметтер, коммуналдық қызметтердің түрлері.

Сонымен бірге, ТКШ саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті заңмен

барынша нақты айқындалуы тиіс. Бұдан басқа, сала үшін негізгі анықтамалар мен терминдердің жоқтығы: мыналарды ТКШ саласында қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің қолданылу аясына; мемлекеттік органдардың жауапкершілік аясы мен шекарасына; көрсетілетін коммуналдық қызметтердің түрлері мен мазмұнына нақты айқындама жасауға мүмкіндік бермейді.

2. Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттері

Осы Тұжырымдаманың мақсаты - тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру, азаматтардың тұруына қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау үшін елді мекендердің объектілері мен аумақтарын тиісінше ұстау болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

ТКШ-ны мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру;

МЖӘ мен жеке инвестицияларды ынталандыру жолымен коммуналдық сектордың инвестициялық тартымдылығын көтеру;

ТКШ-да ресурс үнемдейтін технологияларды пайдалануға ынталандыру;

тариф белгілеу жүйесін жетілдіру;

нормативтік құқықтық және техникалық базаны жетілдіру.

3. Тұжырымдаманы іске асыру бағыттары мен тетіктері Коммуналдық сектордағы инвестициялық жоспарлау

Бюджеттік инвестицияларды көздейтін инвестициялық ұсыныстарды дайындау мынадай өлшемдерді ескере отырып, уақтылы және сапалы жүргізілуі тиіс:

мемлекет пен жеке сектор мүдделерінің теңгерімі;

тәуекелдер мен пайданы әділетті бөлу;

жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілуін қатаң бақылау.

Белгіленген тәртіпті, бекітілген функциялар мен жауапкершілікті ескере отырып:

коммуналдық секторға түгендеу жүргізу, иесіз объектілерді анықтау және оларды кейіннен пайдаланушы ұйымдардың жарғылық капиталына беру мүмкіндігін ескере отырып, мемлекет меншігіне беру мәселесін шешу;

өндіріс көлемі мен тұтынылатын коммуналдық қызметтің, коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсу деңгейінің болжамын жасау;

ресурс үнемдейтін технологияларды міндетті түрде енгізуді және қаржыландырудың схемасы мен көздерін айқындай отырып, коммуналдық сала кәсіпорындарының инвестициялық бағдарламаларын әзірлеу;

коммуналдық секторда басым инвестициялық жобаларды таңдау өлшемдерін

әзірлеу және бекіту;

коммуналдық секторды жаңғырту мен дамыту жобаларын субсидиялау тетіктері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

тепе-тең негізде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатындарды бөліп көрсете отырып, инвестициялық жобалардың жалпы тізбесін жасау қажет.

Инвестициялық жоспарлау кезінде коммуналдық секторда:

мемлекеттің әлеуметтік саясатының басымдықтарын;

қажеттілік пен ресурстардың теңгерімділік қағидатын;

инвестицияның барынша тиімділігін;

инвестициялардың кепілді салыну тетіктерін;

өңірлік бағдарламалардың мониторингін қамтамасыз ету қажет.

Бұл ретте, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар арасындағы міндеттерді бөле отырып, орталықтандырылған инвестициялық жоспарлаудың жалпы тәртібін айқындау қажет.

Коммуналдық сектордағы инвестициялық тартымдылықты арттыру

Даму мен жаңғыртуды қамтамасыз ету үшін коммуналдық сектор едәуір инвестициялық әлеуетке, ішкі резервтерге ие.

Қазіргі уақытта сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында мынадай жұмыстар жүргізілуде:

электр станциялары топтары үшін электр энергиясының шекті тарифтері бекітілді;

республиканың өңірлерінде тәулік аймақтары бойынша электр энергиясына сараланған тарифтер енгізілді және олар тұтыну көлемдері бойынша беріледі;

орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңге арналған шекті тарифтер бойынша жұмыс істейтін табиғи монополиялар субъектілері санын ұлғайту жоспарлануда, бұл реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтерінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді және олардың инвестициялық тартымдылығы пайда болады.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі табиғи монополиялар субъектілерінің нормативтен тыс шығынын жоюға және қысқартуға бағытталған саясатты жүргізетін болады, бұл кәсіпорындар қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Коммуналдық секторға жеке инвестицияларды тарту мәселелерінде мынадай проблемалар бар:

экономикалық (халықтың табысының төмендігі, валюталық тәуекелдер) кедергілердің болуы, сондай-ақ ТКШ саласында МЖӘ-ны іске асыру кезінде мемлекет пен бизнестің өзара қарым-қатынастарын реттеудің жеткіліксіз деңгейі,

саланың дамуы үшін маңызды бірқатар мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың құзыреті мен жауапкершілігінің жоқтығы;

МЖӘ-нің бір ғана нысаны - концессия шеңберінде мемлекеттік қолдаудың (инвестициялық шығындарды өтеу, бірлесіп қаржыландыру және т.б.) қолданыстағы шараларын пайдалану мүмкіндігі.

Тұжырымдама шеңберінде сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін мынадай шаралар қабылданатын болады:

тарифтік реттеудің жаңа әдістеріне және коммуналдық сектор кәсіпорындарының тиімділігін арттыруды ынталандыратын тариф түзудің қолданыстағы әдістерін кеңінен пайдалануға негізделген сындарлы тариф саясатын жүргізу. Атап айтқанда, тариф түзудің қолданыстағы нормативтік әдісіне қосымша ретінде ынталандырушы реттеудің жаңа әдісін - бенчмаркингті практикаға енгізу көзделіп отыр;

суды тұтынудың нормативтік шамасын белгілеген кезде тұтыну көлеміне байланысты тұтынушылар топтары бойынша сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтерді саралауды енгізу;

сумен және жылумен жабдықтау бойынша экономикалық негізделген сараланған тарифтер енгізу;

табиғи монополиялар субъектілерінің тиісті тауар нарығындағы бәсекелестікті шектеуіне жол берместен, олар үшін өзге қызмет түрлерімен айналысуға арналған шектеулерді алып тастау;

реттелетін нарық субъектісіне бағалардың белгіленген деңгейін көтермей, реттелетін нарықтарда болып отырған өзгерістерге икемді ден қою мүмкіндігін беру. Бұл ретте реттеуші орган сараптама жүргізген кезде бағаны төмендетуге қ ұ қ ы л ы ;

инвестициялардың мақсатты пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды, тарифтік сметаны орындаудың қаржылық тәртібін қатаңдату, бұл үшін бақылау әдістемелерін жетілдіру, мемлекеттік органдардың тиісті функцияларының заңнамалық бекітілу мәселелері қаралатын болады;

тұрғын үй көмегін қызмет көрсетушілер шотына тікелей жіберу бөлігінде осы көмекті көрсетудің қолданыстағы тетігіне өзгерістер енгізу;

Қазақстан Республикасының даму институттары арқылы коммуналдық сектордағы негізгі қорларды жаңғыртуға және жаңалауға мақсатты қарыздар б е р у ;

бюджет саласындағы ұйымдардың коммуналдық қызметтерді тұтыну көлемімен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар (облигациялар) шығару;

ТКШ саласындағы МЖӘ тетіктерін пайдалана отырып, жобаларды ұйымдастыру мен іске асырудың рәсімдері мен шарттарын заңнамалық бекіту;

коммуналдық сектор саласындағы инвестицияларды мемлекеттік қолдау

ш а р а л а р ы н ж е т і л д і р у ;

тарифтерді едәуір көтермей, жобалардың кірістілік деңгейін қамтамасыз ету, бұл тарифтің "инвестициялық құрамдас бөлігін" бюджеттік субсидиялау тетігін енгізуді және оны біртіндеп коммуналдық сектордың ішкі резервтерімен а у ы с т ы р у д ы т а л а п е т е д і .

Осы шараларды іске асыру келісім-шарттың келесі талаптары сақталған ж а ғ д а й д а :

реттелетін коммуналдық қызметтерге тарифтердің инвестициялық құрамдас бөлігінің нысаналы мақсатын қамтамасыз ету;

бюджеттік субсидиялардың нысаналы мақсатын қамтамасыз ету;

ысырапты және өндірістік емес шығыстарды азайту;

ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу;

экологиялық тиімділікті қамтамасыз ету мемлекеттің әлеуметтік саясаты, Қазақстандағы коммуналдық кәсіпорындарды реттеудің осы заманғы үрдістері және олардың жұмыс істеу ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылатын болады.

Тұрғын үй қорын ұстау

Тұрғын үй қорының басым бөлігі күрделі жөндеуді қажет етеді не авариялық жағдайда және бұзуды талап етеді.

Азаматтардың тұруы үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар:

бұзуға немесе күрделі жөндеуге жатқызылатын авариялық тұрғын үйлерді анықтау мақсатында тұрғын үй қорына түгендеу жүргізуі;

авариялық тұрғын үйлерді бұзу жөнінде іс-шаралар әзірлеуі қажет.

Авариялық үйлерді бұзуды қаржыландыру мынадай қаржы көздерінен жүзеге а с ы р ы л у ы т и і с :

жергілікті бюджеттердің есебінен - жер учаскелерін мемлекет мұқтаждықтары үшін алып қойған кезде иесіз (тастап кеткен) тұрғын үйді және меншік иелері ерікті түрде бас тартқан тұрғын үйді бұзған кезде;

пәтер иелері есебінен - олардың ғимаратты бөлшектеген кезде алған құрылыс материалдарын қайта пайдалану ниеті болған кезде.

Тұрғын үйлердегі жөндеуге немесе ауыстыруға біржолғы шығындарды дереу талап ететін лифтілердің көпшілігі қауіптілігі жоғары объектілерге жатады.

Облыстық әкімдіктер мен кәсіпкерлік құрылымдар кондоминиум объектілерінің лифт шаруашылығын оны жөндеу мен қызмет көрсетуге тиісті қаржыландырумен меншігіне қабылдауға дайын.

Сонымен қатар лифтілер кондоминиум объектілерінің ортақ меншігіне

бірыңғай әдістемелер, ережелер мен басқа да нормативтік құқықтық актілер негізінде елді мекендердің объектілері мен аумақтарын ұстау және абаттандыру ережелерін әзірлеу және бекіту ұсынылады.

4. Мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру

Қазіргі уақытта ауыз сумен жабдықтау және су бұру мәселелерін реттеуді өз құзыреті шегінде Ауыл шаруашылығы министрлігі, коммуналдық қалдықтар және жер қойнауына ағынды суларды жіберу жөніндегі мәселелерді - Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, қуат беруші объектілердің теңгерімдік тиесілілігі шегінде электрмен, газбен, жылумен жабдықтауды - Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, тұрғын үй қатынастары саласында - Индустрия және сауда министрлігі, коммуналдық сала объектілерінің авариялығын - Төтенше жағдайлар министрлігі, табиғи монополиялар субъектілері кәсіпорындарының тариф белгілеуін - Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мен адал бәсекелестікті қамтамасыз етуді - Бәсекелестікті қорғау агенттігі, елді мекендердің коммуналдық қызметтерін ұйымдастыру мен басқаруды - жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

ТКШ саласында мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін мынадай шаралар қабылдау қажет:

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің базасында оларға орталық және жергілікті атқарушы органдарды салааралық үйлестіруді қамтамасыз ететін тиісті өкілеттіктер бере отырып, ТКШ саласында орталық уәкілетті орган құру мүмкіндігін қарастыру;

облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары деңгейінде қазіргі бар штат саны шегінде басқару құрылымын реформалау және тиісті бөлімшелері: өндірістік-техникалық бөлімі, сметалық тобы, тұрғын үй және техникалық инспекциясы және басқалары бар мемлекеттік мекемелер нысанында ТКШ ұстау қызметтерін құру мүмкіндігін қарастыру;

жергілікті атқарушы органдардың гранттар алу мүмкіндігін қарастыру;

шетел тәжірибесін ескере отырып, коммуналдық сектор ұйымдарында корпоративтік басқаруды жетілдіру, қызметтер көрсетудің сапа стандарттарын енгізу, жергілікті атқарушы органдар тарапынан негізгі акционер қызметін орындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

5. Қаржылық қамтамасыз ету

Коммуналдық сектор ұйымдарының жеке қаражаты, қарыз және бюджет қаражаты осы Тұжырымдаманы іске асырудың қаржыландыру көздері болып табылады.

Тарифтің "инвестициялық құрамдас бөлігін" бюджеттік субсидиялардың жүйелі артықшылығы бюджет шығындарын шарттық міндеттемелерді орындау шеңберінде коммуналдық сектордың ысырапты және өндірістік емес шығыстарды азайтуға байланысты ішкі ресурстарын алу шамасына қарай бірте-бірте қысқарту мүмкіндігі болып табылады. Бұл ретте инвестициялық құрамдас бөлік параметрлері инвестициялық жоспарлау кезеңінде айқындалуы және шарттық міндеттемелер негізінде көрсетілуі тиіс.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыс істеуіне бөгет болатын негізгі проблемалардың бірі ТКШ саласында ғана емес, Қазақстанда инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін ақылға қонымды ставкалар бойынша ұзақ мерзімді кредиттерге қол жеткізудің қиындығы болып табылады.

Коммуналдық сектордағы, оның ішінде толығымен мемлекеттік меншікке жатқызылатын кәсіпорындарды ұзақ мерзімді қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін әлемнің көптеген елдерінде арнайы тетіктер әзірленген, оның ішінде:

коммуналдық кәсіпорындарды қаржыландыру проблемаларын шешу үшін МЖӘ негізінде ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасалды (Шотландия, Солтүстік Ирландия);

қатысушылар жарналары мен басқа да қаржылық қаражатты жинақтайтын салалық қауымдастықтар есебінен;

арнайы инфрақұрылымдық облигацияларды шығару. Едәуір қаржы ресурстары бар жинақтаушы зейнетақы қорлары негізгі инвесторлар бола алады.

Қазақстанның ТКШ-да осы проблемаларды шешу үшін: МЖӘ-ны ынталандыру шаралары іске асырылды; ұзақ мерзімді қаржыландыруды қамтамасыз етудің халықаралық тәжірибесі зерделенді;

банктік кредиттер бойынша сыйақы ставкаларын ықтимал субсидиялау үшін Коммуналдық секторды дамыту қорын құру, жеңілдікті пайыздық ставкаларды қолдану және т.б мәселелер қаралды.

6. Нормативтік құқықтық және әдістемелік қамтамасыз ету

ТКШ саласындағы мемлекеттік басқару мәселелері бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді талдау бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Осы мәселе шеңберінде ТКШ-ны мемлекеттік реттеу мәселелерін регламенттейтін заң жобасын әзірлеу мүмкіндігін қарау, Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне: Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне коммуналдық сектор қызметтеріне тарифтің "инвестициялық құрамдас бөлігін" бюджеттік субсидиялау тетігін айқындау бөлігінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жауапкершілікті белгілеу бөлігінде, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңдарына мемлекеттік органдардың құзыретін белгілеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Бұдан басқа, ТКШ-ның жұмыс істеуінің нормативтік-техникалық және әдістемелік базасын жетілдіру бойынша тұрақты және жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

7. Мониторинг

ТКШ-ны жаңғырту мен дамыту жөніндегі шараларды іске асырылуына бақылауды жүзеге асыру мақсатында тұрақты мониторинг жасау негізінде саланың жай-күйіне талдау жүргізу қажет.

Мониторингтің негізгі тетіктерінің бірі ТКШ-ны жаңғырту мен дамытудың инвестициялық жобалары мен өңірлік бағдарламаларының орындалу тәртібін бақылау болуы тиіс.

Көрсетілген міндеттерді шешу үшін мынадай шаралар қабылданатын болады:

статистикалық қадағалаулар жүйесі жетілдіріледі;
бюджет және өзге де қаражаттар есебінен қаржыландырылатын және әлеуметтік жауапкершілігі бар инвестициялық жобалардың орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін арнайы есептілік жүйесі әзірленеді;
коммуналдық секторды реформалаудың өңірлік бағдарламаларының орындалуына орталықтандырылған мониторинг жүргізу жүйесі әзірленеді.

8. Кадрлық қамтамасыз ету

Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру бойынша пәрменді шара - білікті кадрлардың салаға тән тұрақтамауының алдын алу жөніндегі шаралар болуы тиіс.

Мемлекеттік органдар үшін білікті мамандар, коммуналдық сектор жұмысшыларын даярлау жүйесін күшейту қажет.

Осыған байланысты ТКШ үшін жоғары оқу орындарында да, техникалық және кәсіптік білім беруді іске асыратын оқу орындарында да, әсіресе "сумен жабдықтау және кәріз", "жылумен, газбен жабдықтау", "коммуналдық

шаруашылықты басқару" мамандықтары бойынша кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі жұмыс қайта басталуы, сондай-ақ тікелей кәсіпорындарда практикадан өту үшін жағдай жасалуы тиіс.

Сондай-ақ, ТКШ проблемалары бойынша мамандандырылған ғылыми-зерттеу орталығын құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу қажет.

Тұтастай алғанда, мемлекеттік органдар үшін де, тікелей коммуналдық сектор ұйымдары үшін де кадрларды оқыту мен қайта даярлаудың салалық жүйелерін мемлекеттік қолдау және реттеу қажет.

9. Күтілетін нәтижелер

Тұжырымдаманы іске асыру ТКШ-ны жаңғырту және дамыту жөніндегі мақсаттар мен міндеттерге оңтайлы қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік б е р е д і .

Жаңа тарифтік саясат есебінен коммуналдық сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру тетіктері қамтамасыз етілетін болады.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту және жеке меншік капиталды тарту есебінен мемлекеттік бюджетке түсетін жүктеме азаяды.

ТКШ-ны жаңғырту инженерлік жүйелердің жұмыс істеу сенімділігін қамтамасыз етеді, азаматтардың өмір сүруі үшін қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасайды, коммуналдық қызметтердің өзіндік құнын айтарлықтай қысқартуға, энергетикалық және материалдық ресурстарды үнемдеуге алып келеді.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 6

м а м ы р д а ғ ы

№

7 7 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі

2009 - 2014 жылдарға арналған

КЕШЕНДІ ЖОСПАР

Р/с N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындауға (іске асыруға) жауапты	Орындау (іске асыру) мерзімі	Болжамды шығыстар *(млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1. Коммуналдық сектордағы инвестициялық жоспарлау						

1.	Мыналарды көздей отырып, орталықтандырылған инвестициялық жоспарлаудың жалпы тәртібін әзірлеу:	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, ЭБЖМ, АШМ, ЭМРМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
	1) орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы міндеттерді бөлу;					
	2) коммуналдық қызметтерді өндіру мен тұтыну көлеміне, коммуналдық қызметтерге арналған тарифтер деңгейінің өсуіне болжам жасау;					
	3) ресурс үнемдеу технологияларын міндетті түрде енгізуді және қаржыландыру схемасы мен көздерін айқындауды ескере отырып, коммуналдық сектор кәсіпорындарының инвестициялық бағдарламаларын әзірлеу					
2.	Коммуналдық секторда инвестициялық жобаларды іріктеу өлшемдерін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, ЭБЖМ, АШМ, ЭМРМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
3.	Мыналар бойынша ұсыныстар әзірлеу:					
	1) иесіз объектілерді кейіннен пайдаланушы ұйымдардың жарғылық капиталына беру мүмкіндігімен мемлекеттік меншікке беру;	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИСМ, Қаржымині, ТМРА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
	2) әзірленген өлшемдерді оның ішінде инновациялық технологияларды енгізуді ескере отырып, коммуналдық секторды жаңғырту мен дамытудың инвестициялық жобаларын іріктеу тәртібі	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
4.	Коммуналдық сектор объектілеріне түгендеу жүргізу	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	

5.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілеріне паспорттар беру мақсатында жылу арқылы көріп, бұлжатпай бақылауды қолдана отырып, "технологиялық" және "энергетикалық" аудит жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	И С М , Қоршаған орта министрі, АШМ, БҒМ, ЭМРМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ (келісім бойынша)	2010 - 2011 жылдар	630,0	Республикалық бюджет
					2010 ж. - 210,0	Республикалық бюджет
					2011 ж. - 420,0	Республикалық бюджет
6.	Коммуналдық секторды жаңғырту мен дамыту инвестициялық жобаларының тізбесін жасау	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	
7.	Мыналарды қамтамасыз ету:					
	1) 2010 жылы тұрғын үй-коммуналдық секторды жаңғырту мен дамытудың инвестициялық жобаларын қаржыландыру кезінде Жол картасының қағидаттарын пайдалану;	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, ЭБЖМ, ЭМРМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы III тоқсан	Талап етілмейді	
	2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамытудың инвестициялық жобаларын іске асыру кезінде қазақстандық қамтуды арттыру;	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар	Жыл сайын	Талап етілмейді	
	3) облыс орталықтарын, Астана және Алматы қалаларын сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жаңғырту мен дамытудың техникалық-экономикалық негіздемесін орталықтандыра әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 - 2011 жылдар	960,0	Республикалық бюджет
			2010 ж. - 500,0		Республикалық бюджет	
			2011 ж. - 460,0		Республикалық бюджет	
2. Коммуналдық сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру						
8.	Коммуналдық қызметтер бойынша "инвестиция құраушы" тарифін ескере отырып, инвестициялық қажеттілікті бюджеттік субсидиялау тетігі бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ЭБЖМ, ИСМ, ТМРА	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
	Мыналар бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу:					

<p>1) бюджеттік сала ұйымдарының коммуналдық қызметтерді тұтыну көлемімен қамтамасыз етілген бағалы қағаздарды (облигацияларды) шығару жөніндегі тетікті пайдалана отырып, инвестициялар тарту;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар</p>	<p>ЭБЖМ, Қаржымині, ИСМ, ТМРА</p>	<p>2010 жылғы қаңтар</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
<p>2) тұтыну көлеміне қарай тұтынушылардың топтары бойынша сумен жабдықтау қызметтеріне арналған тарифтерді саралауды енгізу;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар</p>	<p>ТМРА, ИСМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері</p>	<p>2010 жылғы I тоқсан</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
<p>3) сумен және жылумен жабдықтау бойынша экономикалық жағынан негізделіп сараланған тарифтер енгізу;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар</p>	<p>ТМРА, ИСМ, ЭМРМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері</p>	<p>2010 жылғы I тоқсан</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
<p>4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін пайдалана отырып, инвестициялық жобаларды ұйымдастыру мен іске асырудың рәсімдері мен шарттарын заңнамалық бекітіп беру;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар</p>	<p>ЭБЖМ, ИСМ, " Қазақстандық мемлекеттік-жеке әріптестік орталығы" АҚ (келісім бойынша)</p>	<p>2010 жылғы I тоқсан</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
<p>5) коммуналдық сектор ұйымдарының тиімділігін арттыруды ынталандыратын тарифтік реттеудің жаңа әдістеріне және тарифті белгілеудің қолданыстағы әдістерін кеңінен пайдалануға негізделген тарифтік саясатты жүргізу;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар</p>	<p>ТМРА, ЭМРМ, АШМ</p>	<p>2010 жылғы I тоқсан</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
<p>6) табиғи монополиялар субъектілері үшін олардың өзге қызмет түрлерімен айналысуға шектеулерді алып тастау;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар</p>	<p>ТМРА, ЭМРМ, АШМ</p>	<p>2010 жылғы I тоқсан</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
<p>7) реттеуші органның сараптама жүргізу кезінде бағаларды төмендетуге құқықтары болған жағдайда реттелетін нарық субъектісіне белгіленген</p>	<p>Қазақстан Республикасының</p>	<p>ТМРА, ЭМРМ, АШМ</p>			

	бағалар деңгейінен асырмай реттелетін нарықтарда болып жатқан өзгерістерге икемді дең кою мүмкіндігін беру	Үкіметіне ұсыныстар		2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
10	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында ғылыми-техникалық, инновациялық, ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу бағдарламасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, БҒМ, ЭМРМ, "Парасат" ұлттық ғылыми-техникалық холдингі" АҚ (келісім бойынша)	2010 жылғы I V тоқсан	2010 ж. - 20,0	Республикалық бюджет
11	Коммуналдық секторда негізгі қорды жаңғыртуға және жанартуға арналған нысаналы қарыздарды Қазақстан Республикасының даму институттары арқылы беруді көздеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (келісім бойынша)	Жыл сайын, жарты жылда бір рет 25-күнге	Талап етілмейді	
	Мынадай жүйелерді жөндеу жөніндегі жобаларды іске асыру:			2010 - 2014 жылдар	293 140,0	
		Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 - 2014 жылдар	132 900,0	
					2010 ж.- 22 400,0 (оның ішінде)	
					Р.Б.-14 900,0	Республикалық бюджет
					Ж.Б.-7 500,0	Жергілікті бюджет
					2011 ж.- 27 400,0 (оның ішінде)	
					Р.Б.- 18 300,0	Республикалық бюджет
					Ж.Б.-9 100,0	Жергілікті бюджет
					2012 ж.- 27 700,0 (оның ішінде)	
					Р.Б. - 18 600,0	Республикалық бюджет
					Ж.Б. - 9 100,0	Жергілікті бюджет
	- сумен жабдықтау;					

				2013 ж. - 27 700,0 (оның ішінде)	
				Р.Б. - 18 600,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 9 100,0	Жергілікті бюджет
				2014 ж. - 27 700,0 (оның ішінде)	
				Р.Б. - 18 600,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 9 100,0	Жергілікті бюджет
	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 - 2014 жылдар	42 900,0	
				2010 ж. - 8 400,0 (оның ішінде)	
				Р.Б. - 5 600,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 2 800,0	Жергілікті бюджет
				2011 ж. - 8 400,0 (оның ішінде)	
				Р.Б. - 5 600,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 2 800,0	Жергілікті бюджет
				2012 ж. - 8 700,0 (оның ішінде)	
				Р.Б. - 5 800,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 2 900,0	Жергілікті бюджет
				2013 ж. - 8 700,0 (оның ішінде)	
				Р.Б. - 5 800,0	Республикалық бюджет

- кәріз;

				Ж.Б. - 2 900,0	Жергілікті бюджет
				2014 ж. - 8 700,0 (оның ішінде)
				Р.Б. - 5 800,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 2 900,0	Жергілікті бюджет
	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 - 2014 жылдар	67 840,0	
				2010 ж. - 13 400,0 (оның ішінде)
				Р.Б. - 9 020,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 4 380,0	Жергілікті бюджет
				2011 ж.- 13 400,0 (оның ішінде)
				Р.Б. - 9 170,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 4 230,0	Жергілікті бюджет
				2012 ж. - 13 680,0 (оның ішінде)
				Р.Б. - 9 550,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 4 130,0	Жергілікті бюджет
				2013 ж. - 13 680,0 (оның ішінде)
				Р.Б. - 9 550,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 4 130,0	Жергілікті бюджет
				2014 ж.- 13 680,0 (оның ішінде)
	- жылумен жабдықтау;				

12

				Р.Б. - 9 550,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 4 130,0	Жергілікті бюджет
	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 - 2014 жылдар	25 000,0	
				2010 ж. - 5 000,0 ((
				оның ішінде)	
				Р.Б. - 3 300,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 1 700,0	Жергілікті бюджет
				2011 ж. - 5 000,0 ((
				оның ішінде)	
				Р.Б. - 3 300,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 1 700,0	Жергілікті бюджет
	- электрмен жабдықтау;			2012 ж.- 5 000,0 ((
				оның ішінде)	
				Р.Б. - 3 300,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 1 700,0	Жергілікті бюджет
				2013 ж.- 5 000,0 ((
				оның ішінде)	
				Р.Б. - 3 300,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 1 700,0	Жергілікті бюджет
				2014 ж. - 5 000,0 ((
				оның ішінде)	
				Р.Б. - 3 300,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 1 700,0	Жергілікті бюджет

- газбен жабдықтау;	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 - 2014 жылдар	7 000,0	
				2010 ж. - 1 400,0 (оның ішінде)	
				Р.Б. - 1 000,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 400,0	Жергілікті бюджет
				2011 ж. - 1 400,0 (оның ішінде)	
				Р.Б. - 1 000,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 400,0	Жергілікті бюджет
				2012 ж. - 1 400,0 (оның ішінде)	
				Р.Б. - 1 000,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 400,0	Жергілікті бюджет
				2013 ж. - 1 400,0 (оның ішінде)	
				Р.Б. - 1 000,0	Республикалық бюджет
				Ж.Б. - 400,0	Жергілікті бюджет
				2014 ж. - 1 400,0 (оның ішінде)	
			Р.Б. - 1 000,0	Республикалық бюджет	
			Ж.Б. - 400,0	Жергілікті бюджет	
	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 - 2014 жылдар	17 500,0	
				2010 ж. - 8 020,0 (оның ішінде)	

					оның ішінде)	
					Р.Б. - 5 300,0	Республикалық бюджет
					Ж.Б. - 2 720,0	Жергілікті бюджет
					2011 ж. - 2 370,0 (оның ішінде)	
					Р.Б. - 1 600,0	Республикалық бюджет
					Ж.Б. - 770,0	Жергілікті бюджет
					2012 ж. - 2 370,0 (оның ішінде)	
					Р.Б. - 1 600,0	Республикалық бюджет
					Ж.Б. - 770,0	Жергілікті бюджет
					2013 ж. - 2 370,0 (оның ішінде)	
					Р.Б. - 1 600,0	Республикалық бюджет
					Ж.Б. - 770,0	Жергілікті бюджет
					2014 ж. - 2 370,0 (оның ішінде)	
					Р.Б. - 1 600,0	Республикалық бюджет
					Ж.Б.- 770,0	Жергілікті бюджет
	- абаттандыру					

3. Тұрғын үй қорын ұстау

13	Бұзуға жататын авариялық тұрғын үйді және күрделі жөндеуге жататын тұрғын үйді анықтау мақсатында тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	
					4 500,0	
					2010 ж. - 500,0	

14	Авариялық тұрғын үйді бұзу жөніндегі іс-шараларды іске асыру	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 - 2014 - жылдар	2011 ж. - 1 000,0 2012 ж. - 1000,0 2013 ж. - 1 000,0 2014 ж. - 1 000,0	Жергілікті бюджет
15	Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде авариялық үйлер тұрғындарының қоныс аударуы үшін тұрғын үй беру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИСМ, ЭБЖМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
4. Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру						
16	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында орталық атқарушы орган құру туралы ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИСМ, Қаржымині, ЭБЖМ, ТМРА, АШМ, Қоршағанортаниі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
17	Облыс, қала және аудан деңгейінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты басқарудың ұйымдастырылған құрылымын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИСМ, ЭБЖМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
18	Шетелдік тәжірибені ескере отырып, коммуналдық сектор ұйымдарында корпоративтік басқаруды жетілдіру, қызметтер көрсету сапасының стандарттарын енгізу, жергілікті атқарушы органдар тарапынан негізгі акционердің функцияларын орындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, Қаржымині, ЭБЖМ, ТМРА, АШМ, Қоршағанортаниі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы III тоқсан	Талап етілмейді	
	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы орталық және жергілікті	Қазақстан Республикасының	ИСМ, ЭМРМ, АШМ, К К М ,			

19	атқарушы органдардың арасындағы құзыреттің ара жігін ажырату және өзара іс-қимыл жасау тәртібі жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Үкіметіне ұсыныстар	Қоршаған орта министрі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
20	Жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелерін шешу үшін гранттар алу мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ӘБЖМ	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
21	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеу	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
22	Газ инспекцияларын құру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, ТЖМ, ЭМРМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	

5. Нормативтік құқықтық және әдістемелік қамтамасыз ету

23	"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік реттеу туралы" заң жобасы мен "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасын әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
24	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық базасын жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 - 2014 жылдар	750,0 2010 ж. - 150,0 2011 ж. - 150,0 2012 ж. - 150,0 2013 ж. - 150,0 2014 ж. - 150,0	Республикалық бюджет

6. Мониторинг

	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы статистикалық қадағалау		ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана			
--	--	--	--	--	--	--

25	жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және енгізу	СА-ға ұсыныстар	және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
26	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамытудың өңірлік бағдарламаларын және инвестициялық жобаларын іске асырудың орталықтандырылған мониторингі жүйесін әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I V тоқсан	Талап етілмейді	
7. Кадрмен қамтамасыз ету						
27	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық үшін жоғары оқу орындарында да, техникалық және кәсіптік білім беруді іске асыратын оқу орындарында да кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	БҒМ, ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
28	Мамандықтар жіктеуішінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы қажеттіліктеріне сәйкестігіне талдау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	БҒМ, ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	
29	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық проблемалары бойынша мамандандырылған ғылыми-зерттеу орталығын құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИСМ, БҒМ, "Парасат" ұлттық ғылыми-техникалық холдингі" АҚ (келісім бойынша)	2010 жылғы I тоқсан	Талап етілмейді	

*2010 - 2014 жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша шығыстар сомасы алдын ала болып табылады және оны Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес тиісті жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру жөніндегі бюджет комиссиясы айқындайтын болады.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда
министрлігі
- БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі
- ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және
бюджеттік жоспарлау министрлігі

ККМ	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ЭМРМ	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
АШМ	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қаржымині	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ТЖМ	- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
Қоршағанортамині	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
ТМРА	- Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
СА	- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
АҚ	- акционерлік қоғам
Р.Б.	- республикалық бюджет
Ж.Б.	- жергілікті бюджет